

"Мемлекеттік меншіктегі спорт ғимараттарының қолжетімді болуын қамтамасыз ету" ең төмен әлеуметтік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 шілдедегі № 258 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 шілдедегі № 195 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 26 шілдеде № 33160 болып тіркелді

БҰЙРАМЫН:

1. "Мемлекеттік меншіктегі спорт ғимараттарының қолжетімді болуын қамтамасыз ету" ең төмен әлеуметтік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2015 жылғы 29 шілдедегі № 258 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11963 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

"Мемлекеттік меншіктегі спорт ғимараттарының қолжетімді болуын қамтамасыз ету" ең төмен әлеуметтік стандартында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ең төмен әлеуметтік стандарттың нормалары мен нормативтері:

№ р/с	Норманың/ нормативтің атауы	Норманы/ нормативті реттейтін нормативтік құқықтық акт	Норманың/нормативтің мөлшері
1	2	3	4
1.	Мүгедектігі бар адамдарға спорт ғимараттарына баруын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі, "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының Заңы	Бюджет қаражаты есебінен Көрсетілетін спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру қызметтері құнынан 50% мөлшердегі жеңілдік
2.	Дене шынықтыру саласындағы жеңілдікпен көрсетілетін қызметтер ("Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; "Мүгедектігі бар адамдарды қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарттармен пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін, сондай-ақ жеңілдіктер мөлшерін бекіту туралы"	Көрсетілетін спорттық және дене

	д е н е шынықтыру-сауықтыру қызметтері)	Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 178 бұй рығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11322 болып тіркелген).	шынықтыру-сауықтыру қызметтері құнынан 50% мөлшердегі жеңілдік
--	---	--	--

".

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрі*

А. Оралов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі